DVB атқарымына қатысты ескертпе

- Осы теледидар DVB-T/T2 (MPEG2 мен MPEG4-AVC(H.264)) цифрлық жер үсті қызметтерінің және DVB-C (MPEG2 мен MPEG4-AVC(H.264)) цифрлық кабель қызметтерінің стандарттарына сәйкес әзірленді. Өз өңіріңізде DVB-T/T2 қызметтеріне қол жеткізу мәселелері бойынша өзіңіздің жергілікті дилеріңізбен кеңесіңіз. Осы теледидардан DVB-C қызметтеріне қол жеткізу мәселесі бойынша кабельдік телевизия қызметтерінің жеткізушіңізбен кеңесіңіз..
- Сигнал DVB-T/T2 немесе DVB-C стандарттарына сай келмесе, бұндай теледидар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Елге, өңірге, хабар тарату компаниясына және қызмет жеткізушіге байланысты, кейбір атқарымдар қол жетімді болмауы мүмкін.
- Бұл теледидармен кейбір CI модульдері тиісті түрде жұмыс істей бермейді. CI модулінің жұмысына қатысты мәселелер бойынша өзіңіздің қызмет жеткізушіңізбен кеңесіңіз.
- Бұл теледидар, қызмет жеткізуші тарабынан бекітілмеген CI модулімен тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қызмет жеткізушісіне байланысты, қосымша төлем алынуы мүмкін.
- Іске қосылуы болашақта жоспарланған қызметтермен үйлесімділігіне кепілдік берілмейді.

Ескертпе

Басқа құжаттарда өзгесі көзделмесе, төменде келтірілген ережелерді ұстаныңыз.

1. Ажыратылатын немесе ажыратылмайтын бөліктерді қоспағанда, бұйымды қатты және жалпақ жерге қойыңыз.
2. Құрғақ, жабық орынжайда сақтаңыз.
3. Тік күйде ғана тасымалдаңыз. Тасымалдау уақытында бұйымды лақтырмаңыз, қажеттіліктен артық дірілдетпеңіз немесе басқа заттарға соқпаңыз.
4. Ұлттық және/немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Өткізу ережелері мен шарттары дайындаушы тарабынан белгіленбеген және тауар өткізілетін елдің ұлттық және/немесе жергілікті заңнамасына сай келуі тиіс.


Сақтық шаралары

Электр тогы соқпауы, өрт шықпауы, зақым мен жарақат келтірілмеуі үшін, төменде атап көрсетілген сақтық шараларын ұстаныңыз:

■ Желілік сым және штепсель ашасы

Назар аударыңыз!

Теледидар қалыптан тыс жұмыс істеген кезде, штепсель ашасын дереу ажыратыңыз!



- Бұл теледидарды ауыспалы токтың 220–240 В, 50 Гц электр қуаты желісіне қосу керек
- Штепсель ашасын желілік розеткаға толығымен салыңыз.
- Қуат сымының розеткаға оңай кіруін қамтамасыз етіңіз.

• Теледидарды тазартуға дейін штепсель ашасын электр қуаты желісінен ажыратыңыз.

• Штепсель ашасын ылғалды қолмен ұстамаңыз.



• Қуат сымын бүлдірмеңіз.

• Желілік сымға ауыр заттарды қоймаңыз.



• Желілік сымды жоғары температура қайнар көзінің жанына қоймаңыз.



• Қуат сымынан тартқыламаңыз.



Қуат сымын ажыратқанда, штепсель ашасының тұрқысынан ұстаңыз.

• Теледидарды, желілік розеткаға жалғанып тұрған қуат сымымен бірге көшірмеңіз.

• Қуат сымын ширатпаңыз, оны қатты бүкпеңіз және кермеңіз.

• Бүлінген қуат сымын немесе желілік розетканы пайдаланбаңыз.

• Теледидар қуат сымын басып кетпеуін байқап тұрыңыз.

• Осы теледидармен бірге жеткізілетін қуат сымын ғана пайдаланыңыз.

■ Абай болыңыз

Назар аударыңыз

• Қақпақтарды алмаңыз және теледидарға модификацияларды өз бетіңізше енгізбеңіз, себебі кернеу астында тұрған құрылғының ішкі бөлшектерімен жанасқан кезде электр тогы соғуы мүмкін.



• Теледидарды жаңбырдың немесе төтенше ылғалдықтың әсеріне ұшыратпаңыз. Ішіне сұйықтық құйылған ыдыстарды, мысалы гүлсауыттарды теледидардың үстіне қоюға болмайды. Теледидарды тамшылап жатқан немесе



ағып жатқан судың астына қоймаңыз.

- Желдету саңылаулары арқылы теледидарға бөгде заттардың кіріп кетуіне мүмкіндік бермеңіз.
- Бөгде өндірушілердің түпқоймасын немесе бекіту жабдығын пайдаланбаңыз. Қабырғаға бекіту үшін ұсынылған тіреуіштерді пайдалана отырып, теңшеу немесе орнату үшін міндетті түрде Panasonic жергілікті дилеріне жүгініңіз.
- Бейнебет панелін қатты сыртқы ықпалға немесе соққыға ұшыратпаңыз.
- Теледидарды еңіс немесе тұрақсыз жерге қоймаңыз, сондай-ақ теледидардың шеті салбырап тұрмағанына көз жеткізіңіз.



Назар аударыңыз

Теледидарды тұрақсыз жерге қоймаңыз. Теледидар құлауы мүмкін, бұл жағдай ауыр зақымдарға немесе өлімге алып келуі мүмкін. Жарақат алмау мақсатында, ең алдымен балалар жарақат алмауы үшін, келесі қарапайым сақтық шараларын ұстаныңыз.

- Теледидардың өндірушілері шкафтарды немесе тіреулерді қолдануға ұсыныс береді.
- Теледидарды мықты түрде ұстап тұратын жиһазды ғана пайдаланыңыз.
- Теледидар, орнатылған жиһаздың шеттерінен шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Жиһаз бен теледидарды үйлесімді жерге сенімді түрде бекітпейінше, теледидарды жиһазға (мысалы, қабырға немесе кітап шкафы) орнатпаңыз.
- Теледидарды тапал тіреуге орнатқанда, оның астына мата материалдарын және басқа да материалдарды салмаңыз.
- Балаларды телевизорға немесе басқару пультіне қол жеткізу мақсатымен жиһазға өрмелеп шығудың қауіпті салдары туралы хабардар етіңіз.
- Егер сіздің теледидарыңыздың орны басқа жерге ауыстырылған болса, жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын қолданған жөн.

• Теледидарды тікелей күн сәулелерінің және басқа да жылу көздерінің әсеріне ұшыратпаңыз.



Өртті болдырмас үшін майшамды немесе басқа да ашық от көзін телевизиялық қабылдағыштың жанында ешқашан да қалдырмаңыз.



■ Қауіпті бөлшектер/ұсақ заттары

Назар аударыңыз

● Бұл бұйым, балалар абайсызда деммен жұтып қоя алатын немесе ішкері жұтып қоя алатын ықтимал қауіпті бөлшектерді, мысалы пластик пакеттерін өз ішіне алады. Бөлшектер кішкентай балалардан алшақ жерде сақталуы тиіс.

■ Түпқойма

Назар аударыңыз

● Түпқойманы бөлшектемеңіз және түрлендірмеңіз.

Алдын ала сақтандыру


- Осы теледидармен бірге жеткізілетін түпқойманы ғана қолданыңыз.
- Түпқойма қисық болса немесе физикалық тұрғыдан бүлінсе, оны қолданбаңыз. Бұндай жағдай орын алса, жақын жердегі Panasonic дилеріне дереу жүгініңіз.
- Орнату барысында барлық бұрамалардың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Теледидарды түпқоймаға орнатқан кезде соққыға жықпаңыз.
- Балалардың түпқоймаға сүйенуіне рұқсат бермеңіз.
- Теледидарды орнату және оны түпқоймадан түсіру көрсетілген нұсқаулықты сақтаумен орындалуы тиіс.

■ Желдету

Алдын ала сақтандыру

Теледидар айналасында жылудың артығын бұруға арналған кеңістік (ең азы 10 см) болуы тиіс; керісінше жағдайда кейбір электрондық құрамдастар тез арада істен шығуы мүмкін.

Минималды қашықтығы (см)



● Желдету саңылауларын газеттер, ақжаймалар және перделер сияқты заттармен жаба отырып, желдетуге кедергі келтірмеңіз.



● Түпқойманың қолданылуына немесе қолданылмауына қарамастан, теледидардың төменгі бөлігіндегі булықтардың бұғатталмағандығын және тиісті желдету үшін жеткілікті еркін кеңістіктің бар болуын әрдайым тексеріп тұрыңыз.

■ Теледидарды басқа жерге көшіру

Алдын ала сақтандыру

Теледидарды басқа жерге көшіру үшін барлық кабельдерді ажыратыңыз.

■ Ұзақ уақыт бойы пайдаланғанда

Алдын ала сақтандыру

Бұл теледидар, штепсель ашасына әрекеттегі желілік розеткаға жалғанып тұрғанша, электр энергиясының біраз мөлшерін күту режимінде тұтынатын болады.

● Теледидар ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болса, штепсель ашасын қабырға розеткасынан ажыратыңыз.

■ Шамадан тыс дыбыс деңгейі

Алдын ала сақтандыру

- Құлаққаптың дыбысын тым қатты шығармаңыз. Бұл, есту қабілетінің қайтымсыз түрде зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Құлақта дірілден шуыл туындаған жағдайда дыбысты азайтыңыз немесе құлаққап қолдануды уақытша тоқтатыңыз.



■ Алшақтан басқару пультінің батареялары

Алдын ала сақтандыру

- Дұрыс орнатпау, батареялардан электролиттің ағып кетуіне, тоттануға және жарылуға себеп болуы мүмкін.
- Дәл сондай, бірдей батареялармен ғана алмастырыңыз.
- Ескі және жаңа батареяларды бірге қолданбаңыз.
- Түрлі типті батареяларды қолданбаңыз (мысалы, сілтілі және марганец батареялары).
- Аккумуляторлық никель-кадмий батареяларын қолданбаңыз (Ni-Cd және т.б.).
- Батареяларды өртемеңіз және бұзбаңыз.
- Батареялардың шамадан тыс қызуына жол бермеңіз, мысалы, күн сәулесімен, отпен және т.б.
- Батареяларды дұрыстап кедеге жаратыңыз.
- Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, электролиттің ағып кетуін, тоттануды және жарылу қаупін болдырмас үшін батареяларды алып шығарыңыз.

Теледидарды орнату

Қосалқы керек-жарақтар

Керек-жарақтар бөлек орналастырылуы мүмкін. Оларды кездейсоқ лақтырып қоймауыңызды байқап тұрыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қашықтықтан басқару пульті
(9-бет)




AA(HR6) түріндегі батареялар × 2 дана
(6-бет)




Түпқойма
(6-бет)

• Тірек



• Құрастыру бұрамалары
A (4 × 15 мм) × 4 шт.

Түпқойманы бекіту



Түпқойманы теледидардан ажырату


Қабырға тіреуішін пайдаланғанда немесе теледидарды қайтадан қаптағанда түпқойманы төменде көрсетілген тәсілмен ажыратыңыз.

- 1 Теледидарды көбікті пласт төсенішіне немесе үстелдегі тығыз жұмсақ матаға орналастырыңыз.
- 2 Теледидардан құрастыру бұрамаларын алып шығарыңыз.
- 3 Таянышты теледидардан ажыратыңыз.
- 4 Таяныштан құрастыру бұрамаларын алып шығарыңыз.

Алшақтан басқару пультінің батареяларын орнату

Қапқаты көрсетілген бағытта жылжытыңыз


Полярлықтың дұрыс болуына (+ немесе -) назар аударыңыз
Өндіруші Panasonic батареяларын пайдалануға ұсыныс береді.



Теледидарды қабырға бетіне орнату (қосымша түрде)

Ұсынылған қабырғаға ілінетін кронштейнді сатып алу үшін Panasonic жергілікті дилеріне жүгінізіз.

Теледидардың артқы (бүйірлік көрінісі)



Теледидарды қабырғалық тіреуішке (бірге жеткізілмейді) бекітуге арналған бұрама шеге

■ Қабырғалық кронштейнді бекітуге арналған тесіктер

a: 100 мм.

b: 100 мм.

Бұрама ұзындығы : min 7, max 8 мм.

Назар аударыңыз


- Қабырға тіреуіштері сияқты және т.б. осындай қосымша керек-жарақтарды пайдаланған кезде, дайындаушының орнату және пайдалану жөніндегі нұсқауларын міндетті түрде оқып, орындаңыз.
- Құрылғыны әдетте жоғарылаған жылудың көздері болып табылатын төбе шамшырақтарының астына тікелей орнатуға болмайды. Бұл, корпустың пластик бөлшектерінің қисаюуына немесе бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Қабырғалық тіреуіштерді орнату барысында, қабырға қаңқасының металл тіреулері арқылы қабырғалық тіреуіштің жерге тұйықталған электрлік қосылымының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қабырғалық тіреуішті ілер алдында, қабырғада ешқандай электрлік кабельдердің, толқын өткізгіштердің және тағы басқаның жоқтығын әрқашан тексеріп тұрыңыз.
- Құлап кетпеу және жарақат алмау мақсатында, теледидарды ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз, өзінің аспалы тірегінен алып тастаңыз.

Теледидарды қосу

- Кез келген RF/AV кабельдерін қосудың немесе ажыратудың алдында, теледидар желілік розеткадан/ электр қуаты желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Сыртқы жабдықтар және кабельдер иллюстрация мақсаттары үшін ғана көрсетілген және осы теледидармен бірге жеткізілмейді.
- Қосқан кезде жалғағыштар мен кабельдік ашалардың дұрыс түрін қолданып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Толығымен монтаждалған SCART немесе HDMI кабелін пайдаланыңыз.
- Теледидар электрондық жабдықтан (бейнежабдықтан және т.б.) немесе инфрақызыл қадағамен қамтылған жабдықтан барынша алшақ болуын байқап отырыңыз.
- Әйтпесе сурет/дыбыс бұрмалануы немесе басқа жабдықтың жұмысында ақаулар пайда болуы мүмкін.
- Сонымен қатар, жалғанатын жабдықты қолдану бойынша нұсқаулықты оқып шығыңыз.

Ажыратқыштар


Теледидардың артқы панелі




- 1 Карта қабылдағышпен қамтылған модульді қосуға арналған SLOT **CI+** жалғағышы;
- 2 Флэш-жады бар сыртқы құрылғыны қосуға арналған **USB** жалғағышы;
- 3 **DIGITAL AUDIO OUTPUT (COAXIAL)** жалғағышы цифрлық аудио сигналды тарату үшін қолданылады;
- 4 **EARPHONE** құлақпаптарын қосуға арналған штекер ұяшығы;
- 5 Компьютерден келетін бейнесигналды қосу жалғағышы (**VGA** түріндегі жалғағыш)
- 6 Компьютерден келетін дыбыстық сигналды қосу үшін **PC AUDIO** штекер ұяшығы;
- 7 Сыртқы құрылғыларды қосуға арналған **SCART** түріндегі жалғағыш;
- 8 Антеннаны қосуға арналған **RF** ұяшығы;
- 9 **HDMI** жалғағышы - сығылмаған бейнесуретті және дыбыстық сүйемелдеу сигналдарын сыртқы құрылғыдан бір уақытта беруге арналған цифрлық интерфейс.

Қосылыстар

Антенна кабелі және қуат сымы



- Бұл үлгі алынбайтын қуат сымымен жиынтықталады.
- Антенна дұрыс емес жерде орнатылса, бөгеуілдер болуы мүмкін.




AV / Ойын тұғырнамасы


■ HDMI жалғағышын қолдану




■ SCART жалғағышын қолдану



Құлаққап



Зорайтқыштар жүйесі



- Күшейткішті қосудың сыртқы жабдығында дыбысты тыңдау үшін DIGITAL AUDIO OUTPUT (COAXIAL) ұясын қолданыңыз.


Бастапқы теңшелім

Теледидарды бірінші рет қосқанда, теледидарды теңшеу үшін орындалуы қажетті қадамдардың реттілігі көрсетіледі.


- Орнату жұмысы өзіңіздің жергілікті дилеріңіз тарабынан атқарылған болса, осы тармақтардың әрекеттері қажет емес.

1 Ашаны розеткаға салыңыз және теледидарды қосыңыз.


Экранда сурет бірнеше секундтан кейін пайда болады.



2 Мәзірдің тілін таңдаңыз.




3 Қарап шығу шарттарын таңдаңыз [Үй].




- Қарау шарттары [Дүкен] дүкеннің жаймасөрелеріне арналған.
- Қарау шарттарын кейін өзгерту үшін, [Теңшелімдер] мәзірінде [Ысыру] тармағын таңдау арқылы барлық теңшелімдерді бастамалауыңызға тура келеді.

4 Елді таңдаңыз.



5 Теңшеу қажет телевизиялық сигналдың режимін таңдаңыз, және Сіздің теледидарыңыздың экранындағы көмексөздерді ұстаныңыз.




Теледидарды теңшеп болғаннан кейін, ол қарауға дайын болады.

Ескертпе

- Теңшелім сәтсіз аяқталса, RF кабелінің қосылымын тексеріңіз, содан соң экрандық көмексөздің нұсқауларын орындаңыз.
- Цифрлық телевизияны автоматты режимде алғашқы теңшеу кезінде эфирлік ТВ (DVB-T) ғана теңшеуге болады. Кабельдік ТВ (DVB-C) теңшеу 14-бетте сипатталған.

Теледидарды пайдалану

Алшақтан басқару пультін қолдану



1 Теледидарды қосу/сөндіру

2 Медиа-плеер .(10-бет)

3 Көрсету [Негізгі мәзір]. (12 -бет)

4 Телемәтін режиміне қайта қосу.

5 Ақпараттық панельді көрсету.

6 «OK» батырмасы:

- Мәзірді таңдауды растау.
- Арна нөмірін енгізгеннен кейін сізбен таңдап алынған арнаға жылдам ауыстыру үшін басыңыз.
- Көрсету [Арналардың тізімі].

7 Көрсету [Теңшеу мәзірін]:

- Сурет теңшелімдеріне және дыбыс теңшелімдеріне жылдам қол жеткізу.
- Теңшелімдерді таңдау немесе өзгерту үшін пайдалану жөніндегі нұсқауды орындаңыз.

8 Түсті батырмалар:

- Мәзір терезесінде көрсетілетін пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес келетін көптеген ақпаратты орындау.

9 Дауыс қаттылығын Арттыру/Азайту.

10 Дыбысты Қосу / Сөндіру.

11 Цифрлық батырмалар:

- Телемәтін арнасы мен беттерін өзгерту.
- Әріптік нышандарды таңдау.

12 Суретті тоқтату/іске қосу.

13 Қарау көзін таңдау:

- TV - ТВ режиміне ауыстыру.
- AV - терезені көрсету [Кіріс көзі].

14 ТВ Гидті көрсету.

15 Субтитрлерді көрсету/AD ауыстырып-қосқышы

16 Теледидарды қарау экранына шығу

17 Курсорды басқару батырмалары:

- Таңдау жасау немесе теңшеу.

18 Алдыңғы мәзірге / бетке оралу.

19 Экранның ажыратымдылығы:

- Терезені көрсету [Ажыратымдылықты таңдау]. Режимді таңдау үшін нұсқаулықтарды орындаңыз. [4:3]/ [16:9] / [Масштаб1] / [Масштаб2] / [Авто]. (18-бет)

20 Келесі/алдыңғы арна.

21 Соңғы қарап шыққан арнаға оралу.

Түсті батырмалар

Аналогтық немесе цифрлық хабар тарату арналарын атап көрсету.

- R** Бағдарламалар редакторында, арналарды жояды. Немесе медиа плеерде файлдарды жояды
- G** Бағдарламалар редакторында арнаның атауын өзгертіңіз. (ATV көзін таңдау кезінде ғана қолжетімді)
- Y** Бағдарламалар редакторында арнаның орнын ауыстырыңыз. (DTV көзін таңдау кезінде ғана қолжетімді)
- B** Бағдарламалар редакторында арнаның өткізіп алу.Бағдарламаларды қарау кезінде стерео және моно арасында дыбыс режимі өзгерту.

ТВ-бағдарлама қолданылатын кезде, түсті батырмалар мәзірді көрсету үшін де қолданылуы мүмкін.

Пайдаланушы нұсқаулығы туралы

Теледидарды алшақтан басқару пультінің көмегімен пайдаланған кезде, талап етілетін операцияны орындау үшін экранның төменгі жағында көрсетілетін пайдалану нұсқауларын орындаңыз.

Келесі операцияларды орындаған кезде пайдалану нұсқаулығымен салыстырып анықтаңыз:

- Режимді таңдау, өзгерту



- Параметрді енгізу




- Алдыңғы мәзірге оралу





- Мәзірден шығу



Теледидарды басқару құралдарын қолдану



Теледидардағы индикатор



1. Кезекші режимін қосу/сөндіру түймешігі
2. Теледидар күйінің индикаторы: қызыл жыпылықтау - жұмыс режимі
3. Қашықтықтан басқару дабылдарын фотоқабылдағышы

Сыртқы көзден қарау

- 1 Сыртқы жабдықты қосыңыз.
- 2 «AV» батырмасын басыңыз, [Кіріс көзі] мәзірін көрсетіңіз, содан соң қосылған жабдықтың кірісін таңдаңыз.



Кіріс көзі
DTV
ATV
VGA
SCART
HDMI
USB

Ескертпе

- Сыртқы жабдық пішімді реттеу атқарымына ие болса, оны “16:9” пішіміне орнатыңыз.


Медиаплеерді пайдалану

Медиа-ойнатқыш, USB флэш-жады құрылғысына жазылған суретті, мәтінді, бейнені қарауға немесе өлеңді тыңдауға мүмкіндік береді.

- Бұл теледидарда сурет дұрыс көрсетілмеуі мүмкін және қолданылатын камераларға байланысты болады.
- USB флэш-жады құрылғысында көптеген файлдар мен бумалар болғанда, оларды көрсету үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.
- Ішінара бүлінген файлдар кішірейтілген ажыратымдылықпен көрсетілуі мүмкін.
- Бумалар мен файлдардың атаулары қолданылатын цифрлық камераға байланысты ерекшеленуі мүмкін.


USB флэш-жады құрылғысын орнату/алып шығару

USB флэш-жады құрылғысын USB жалғағышына орнатыңыз/одан ажыратыңыз.



Медиплеерді іске қосу

- 1 USB флэш-жады құрылғысын өз теледидарыңызға қосыңыз.
- 2 «**AV**» батырмасын басыңыз, экранда теледидар сигналдары қайнар көздерінің мәзірі пайда болады. «**USB**» режимін таңдаңыз да, «**OK**» батырмасын басыңыз.
- 3 Экранда мәзір көрсетіледі. Меңзерді «Сурет», «Бейне», «Музыка» пиктограммаларына қайта орналастыра отырып, сыртқы USB құрылғыларынан бейне қарауға, музыка тыңдауға, фотосуреттерді қарауға болады.



- 4 «**◀**», «**▶**» түймелерімен өзіңізге қажетті пиктограмманы таңдап, «**OK**» түймесін басыңыз. Дисктегі бөлімді таңдап, «**OK**» түймесін басыңыз.

«СУРЕТ» режимі

«Сурет» пиктограммасын таңдағаннан соң, қажетті файлды таңдаңыз да, «**OK**» батырмасын басыңыз. Экранның төменгі жағындағы мәзірді қосу/сөндіру үшін ойнату уақытында «**INFO**» түймесін басыңыз. «**◀**», «**▶**» және «**OK**» түймелерін пайдалана отырып, Сіз келесі әрекеттерді жасай алатын боласыз:

- суреттерді слайд-шоу режимінде қарауды жүзеге асыру;
- суретті өңдеу;
- суретті оңға/солға қарай бұру;
- кадрлау;
- қарап жатқан сурет туралы ақпарат алу.

«БЕЙНЕ» режимі

«Бейне» пиктограммасын таңдағаннан соң, қажетті файлды таңдаңыз да, «**OK**» батырмасын басыңыз. Бейне ойнатыла бастайды. Экранның төменгі жағындағы мәзірді қосу/сөндіру үшін ойнату уақытында «**INFO**» түймесін басыңыз. «**◀**», «**▶**» және «**OK**» түймелерін пайдалана отырып, Сіз келесі әрекеттерді жасай алатын боласыз:

- бейнені солға, оңға қарай айналдыру; келесі/алдыңғы бейнеге өту;
 - ойнатуды тоқтату;
 - бейненің рет-ретімен ойнатылуын, бір бейненің ойнатылуын қайталауды, бейне бөлімін қайталауды орнату;
 - суретті көрсету пішімін ұлғайту немесе азайту;
 - суретті бірнеше есе ұлғайту немесе азайту.
- Ойнатуды тоқтату үшін «**■**» батырмасын басыңыз.

«МУЗЫКА» режимі

«Музыка» пиктограммасын таңдағаннан соң, қажетті файлды таңдаңыз да, «**OK**» батырмасын басыңыз. Музыка ойнатыла бастайды.

Экранның төменгі жағындағы мәзірді қосу/сөндіру үшін ойнату уақытында «**INFO**» түймесін басыңыз. «**◀**», «**▶**» және «**OK**» түймелерін пайдалана отырып, Сіз келесі әрекеттерді жасай алатын боласыз:


- тректі солға, оңға қарай айналдыру; келесі/алдыңғы трекке өту;
- ойнатуды тоқтату;
- тректердің рет-ретімен ойнатылуын, бір тректің ойнатылуын қайталауды орнату.

Ойнатуды тоқтату үшін «**■**» батырмасын басыңыз.

Использование обычного интерфейса

Әрдайым CI модулін жалғаудан немесе ажыратудан бұрын теледидар қуатын сөндіріңіз.

Модульді дұрыс бағытта салыңыз, содан соң экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.



- Смарт-карта мен CI модулі бір жиынтықта жеткізілсе, алдымен CI модулін қосыңыз, содан соң оның ішінде смарт-картаны салыңыз.
- Экранда көрсетілетін атқарымдар, таңдалған CI модулінің ішіндегісіне байланысты болады.
- Нарықта, осы теледидармен толық өзара әрекетті қамтамасыз етпейтін кіріктірілген бағдарламалармен қамтылған CI модульдері ұсынылуы мүмкін. Осы жағдайда CI модульді ұсынатын, кабельдік немесе эфирлік телевизия операторына жүгініңіз.
- Қосымша ақпаратты алу үшін CI модулін пайдалану жөніндегі нұсқауды оқыңыз немесе CI модульді ұсынатын, кабельдік немесе эфирлік телевизия операторына жүгініңіз.

Мәзірдің атқарымдарын қолдану

1 ББ-да «MENU» батырмасын басыңыз, экранда басты мәзір көрсетіледі.




Мысал:

2 Мәзірді таңдаңыз.




3 Тармақты таңдаңыз.



4 Теңшелімдерді өзгертіңіз.

Мысал:

- Теңшеу нұсқасын өзгерту



- Контрастық шкаласының көмегімен реттеу



Ескертпе

«Жеке» режимінде қол жетімді тармақтар ғана таңдалуы мүмкін.

Сурет

[Сурет режимі]

Сурет режимін таңдау: [Динамикалық] / [Стандартты] / [Жұмсақ] / [Жеке]

[Динамикалық]: Өте жарық орынжайда қарау үшін контраст пен айқындықты арттырады.

[Стандартты]: Қалыпты жарық түсіп тұрған орынжайда қарау үшін.

[Жұмсақ]: Қараңғы орынжайда фильм қарау үшін контрасттың, қара түс реңктерінің және түстіліктің берілуін азайтады.

[Жеке]: Суреттің артық көрінетін сапасына сәйкес мәзірдегі суреттің параметрлерін қолмен теңшеу.

Осы қарау режимінде келесі теңшелімдерді белгілеуге және сақтауға болады: [Контраст], [Жарықтық], [Түстер], [Айқындық].

Ескертпе: Теледидардың осы үлгісінде [Реңкі] параметрін өзгерту қолжетімсіз.

[Түс температурасы]

Сурет түсінің температурасын таңдау:

[Салқын] / [Қалыпты] / [Жылы]

[Шуды азайту]

Суреттің қажетсіз шу деңгейін азайтуға мүмкіндік береді.

[Әдепкі параметрлерге қалпына келтіру]

Бұл тармақ [Сурет] мәзірінің теңшелімдерін ысыруға мүмкіндік береді.

Дыбыс

[Дыбыс режимі]

Өзіңіз артық санайтын дыбыс режимін орнатады.

[Стандартты]: Көріністердің барлық түрлері үшін дыбыстың тиісті сапасын қамтамасыз етеді.

[Музыка]: Музыка тыңдау үшін сай келетін дыбыс сапасын қамтамасыз етеді.

[Фильм]: Бейнені қарағанда дыбыс сапасын жақсартады.

[Спорт]: Спорттық бағдарламаларды қарауға арналған режим.

[Жеке]: Дыбыс пен келесі параметрлерді қолмен реттеуге мүмкіндік береді.

■ [Жоғары жиілік]

Дыбысты өте айқын және жоғары етіп шығаруды күшейту немесе азайту үшін деңгейді реттейді.

[Стандартты], [Музыка], [Фильм] және [Спорт] режимдерінде [Жоғары жиілік] және [Басс] параметрлері қол жетімді емес.

■ [Басс]

Дыбысты өте төмен және терең етіп шығаруды күшейту немесе азайту үшін деңгейді реттейді.

■ [Баланс]

Дыбыс теңгерімін реттеуге мүмкіндік береді.

[Авто дыбыс деңгейін орнату]

Дыбыс деңгейінің қажетті параметрлерін автоматты түрде белгілейді.

[AD қосқышы]

Аудиосипатты қосу/сөндіру.

[SPDIF режимі]

SPDIF: Аудиофайлды берудің стандартты пішімі.

DIGITAL AUDIO OUTPUT (COAXIAL) жалғағышынан шығыс цифрлық аудиосигнал үшін бастапқы нұсқамаларын таңдайды.

[Өшірулі]

[Автоматты] Dolby Digital Plus және Dolby Digital пішімі Dolby Digital Bitstream болып шығарылады. HE-AAC және MPEG пішімі PCM болып шығарылады.

[PCM]: Сигналдың цифрлық шығысы PCM пішімінде тиянақталған. Бұл атқарым DVB режимінде және медиа-ойнатқыштың бейне мазмұнында қол жетімді.

[MPX]

Мультитрексті (опционалдық) дыбыс режимін өзгертеді.

[Әдепкі параметрлерге қалпына келтіру]

Бұл тармақ [Дыбыс] мәзірдің теңшелімдерін ысыруға мүмкіндік береді.

Уақыты

[Сағат]

Күнді/уақытты орнату.

[Ұйқы]

Теледидар күту режиміне өздігінен өткенге дейін уақытты белгілеу.

[Автоматты түрде өшіру]

Сигнал біраз уақыт бойы болмаған кезде, теледидарыңызды автоматты түрде сөндіреді.

[Уақыт белдеуі]

GMT негізінде уақытты реттеу.

[OSD таймері]

Теледидардың мәзірін көрсету уақыты.

Орнату

[OSD тілі]

Экрандық индикациялар үшін тілді өзгертеді.

[Аудио тілдері]

Цифрлық көпарналы хабар таратудың ең қолайлы тілін таңдайды

[Субтитр тілі]

Бастапқы және екінші субтитрлердің артық көрінетін тілін таңдайды.

[Есту қабілеті нашар]

Нашар еститін адамдарға арналған режимді қосып/сөндіреді.

[Арақатынас]

Тармақ шеттердің арақатынасын таңдауға мүмкіндік береді: [4:3] / [16:9] / [Zoom 1] / [Zoom 2] / [Авто].

[Көк экран]

Сигнал болмағанда көк фонды қосуға/сөндіруге мүмкіндік береді.

[Құлыптау]

Құпия сөздің көмегімен таңдалған бағдарламаларды құлыптауға мүмкіндік береді.

Әдепкі құпия сөз: 0000.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚҰПИЯ СӨЗІҢІЗДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! ҰМЫТЫП КЕТСЕҢІЗ, ЖӨНДЕУ КӘСІПОРНЫНА БАРУЫҢЫЗҒА ТУРА КЕЛЕДІ!

[Қалпына келтіру]

Бұл тармақ дыбыстың, суреттің және тағы басқаның зауыттық теңшелімдерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

[HDMI CEC]

HDMI CEC режимін қосу/сөндіру.

[Кіріс]

Сигналдың кіріс сигналын таңдау.

Арна


[Автоматты түрде баптау]

Осы өңірде қабылданатын, таңдалған хабар тарату типіне (DVB-T, DVB-C) ие арналардың барлығын автоматты түрде теңшеу.

Теңшелімнің келесі түрлері қол жетімді: DTV, ATV, DTV+ATV.

Мысал::

Арнаны баптау	
ATV	: 5 бағдарлама
DTV	: 0 бағдарлама
Радио	: 0 бағдарлама
Күні	: 0 бағдарлама
5%	Freq 113.0 (TV)
	



Шығу

Ескертпе

Егер Сіздің өңіріңіздегі телевизиялық хабар таратудың түрі Сізге белгісіз болса, «DVB-T» типін таңдаңыз. Телевизиялық хабар тарату түрі және «DVB-C» хабар тарату параметрлері туралы ақпаратты өз өңіріңіздегі телевизиялық желілер операторынан анықтаңыз.

[Қолмен реттеу]

■ ATV қолмен теңшеу

ATV сигналының көзін белгілеңіз. [Арна] мәзірінде [ATV қолмен реттеу] режимін таңдаңыз. Қажетті параметрлерді теңшеңіз:

- 1 Арнаның жайғасымын таңдаңыз.
- 2 [Дыбыс жүйесі] тармағын теңшеңіз.
- 3 Жиілікті автоматты ыңғайлауды қосыңыз/сөндіріңіз (AFC параметрі).
- 4 «Іздеу» тармағын таңдаңыз.

ATV қолмен реттеу	
Ағымдағы СН	1
Тус жүйесі	Авто
Дыбыс жүйесі	DK
Дәл баптау	Тіркелмеген
AFC	Қосулы
Іздеу	



■ Цифрлық телевизияны қолмен теңшеу DVB-T және DVB-C режимдері арасында ауыстырып-қосу


Цифрлық тюнердің жұмыс режимдерін ауыстырып қосу үшін [Арна] мәзірінде [Автоматты түрде баптау] тармағын таңдаңыз. Тюнердің қажетті түрін таңдаңыз, таңдауыңызды ОК түймесімен растаңыз және MENU мәзірін басып, теңшелім мәзірінен шығыңыз.

DVB-T қолмен теңшеу

DTV сигналының көзін белгілеңіз. [Арна] мәзірінде:

- 1 [DVB-T] режимін белгілеңіз.
- 2 Режимді таңдаңыз [DTV қолмен реттеу].
- 3 Арнаны таңдаңыз да, іздеу үшін ОК түймесін басыңыз.

DTV қолмен реттеу			
UHF	CH 21		
Жаман	жиілік	474.00 MHz	Жақсы



DVB-C қолмен теңшеу

DTV сигналының көзін белгілеңіз. [Арна] мәзірінде:

- 1 [DVB-C] режимін белгілеңіз.
- 2 Режимді таңдаңыз [CADTV қолмен теңшеу].
- 3 Цифрлық батырмалардың немесе нұсқарлардың көмегімен жиіліктің, нышандық жылдамдықтың және модуляцияның мәнін енгізіңіз «◀», «▶» АБП.
- 4 Іздеу үшін ОК түймесін басыңыз..

CADTV қолмен реттеу		
Жиілік	770000KHZ	
Таңба (ks / s)	6900	
QAM түрі	QAM 16	
Жаман	Қалыпты	Жақсы



[Бағдарламаны өңдеу]

Бұл мәзірдің беретін мүмкіндіктері:

- ағдарламаларды қарау;
- бағдарламаларды жою;
- телевизиялық бағдарламаларды өз талғамыңызға сай орналастыру;
- сүйікті арналар тізімін құру;
- бағдарламаларды өткізіп жіберу

[Сигнал туралы ақпарат]

[Арна] мәзірінде [Сигнал туралы ақпарат] тармағын таңдаңыз. Мәзірдің осы тармағы Сіздің теледидарыңыздың экранына сигнал туралы негізгі ақпаратты шығарады.

Сигнал туралы ақпарат	
Арна : 24 (562.00 MHz)	
Сапа 0	
Күші 0	
Желі ...	

[CI ақпараты]

CI картасын салыңыз да, CI туралы ақпаратты тексеріңіз.

Қосымша ақпарат

Автоматты күту режимі атқарымы

Теледидар келесі жағдайларда автоматты түрде күту режиміне өтеді:

- [Ұйқы] немесе [Автоматты түрде өшіру] параметрі [Уақыт] мәзірінде қол жетімді (13-бет).
- Сигнал біраз уақыт бойы жоқ.

Суреттердің қозғалыссыз бөліктерін ұзақ уақыт бойы көрсетпеңіз

Әйтпесе суреттердің қозғалыссыз бөліктері LED-экранда көмескі із қалдырады («қалдық сурет»). Бұл, ақаулықтарға қатысты емес және оған кепілдік берілмейді.

Суреттердің әдеттегі қозғалыссыз бөліктері:

- Арна нөмірі, арна логотипі және басқа да логотиптер
- 4:3 немесе 14:9 пішімінде қаралатын қозғалыссыз суреттер немесе бейнесуреттер;
- Бейнеойындар;
- ДК-тен берілетін суреттер.

Медиаплеер тарабынан қолдау көрсетілетін файлдардың пішімдері

■ Фото

JPEG / JPG / BMP / PNG

■ Музыка

MP3 / AAC

■ Бейне

AVI, MKV, MP4, TS, VOB, MPG, DAT

* Көшіруден қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес.

■ Субтитры

MicroDVD, SubRip, TMLPlayer (.srt, .sub, .txt)

- Бейне файлы және субтитрлер мәтінінің файлы бір буманың ішінде орналастырылады. Кеңейтімдерді қоспағанда, олардың аттары сай келеді.
- Егер бумада бірнеше файл-субтитрлері бар болса, олар келесі тәртіпте көрсетіледі: “.srt”, “.sub”, “.txt”.

Ескертпе

Осы шарттар орындалса да, кейбір файлдар олардың қалай кодталғанына байланысты сақталмауы мүмкін.

- Деректер үшін екі байтты нышандарды немесе басқа арнайы кодтарды қолданбаңыз.

HDMI қосылымы

Бұл теледидар HDMI™ технологиясымен қамтылған. HDMI (жоғары дәрежелі айқындыққа ие мультимедиалық интерфейс) - сығылмаған пішімдегі сигналдармен үйлесімді болып табылатын, әлемде алғашқы болып саналатын, толығымен цифрлық тұрмыстық аудио, бейне интерфейсi.

HDMI интерфейсi, теледидар мен жабдықты жалғаудың көмегімен, Сізге айқындығы жоғары болып табылатын цифрлық суреттерден және жоғары сапалы дыбыстан ләззат алуға мүмкіндік береді.

■ HDMI қолданылатын атқарымдары

- Кіріс аудио сигналы:
2 арналы желілік ИКМ (дискретизация жиіліктері - 48 кГц, 44,1 кГц, 32 кГц)
- Кіріс бейне сигналы.

■ DVI қосылысы

Сыртқы жабдықтың DVI шығысы ғана болса, HDMI жалғағышын DVI жалғағышын HDMI жалғағышына жалғайтын бейімдеуішпен қамтылған кабельдің көмегімен жалғаңыз. DVI жалғағышынан HDMI жалғағышына жалғайтын бейімдеуішпен қамтылған кабель қолданылған кезде, аудио кабельді кіріс аудиокабеліне жалғаңыз (AV аудиожалғағыштарын пайдаланыңыз).

HDMI қосылымы

Бұл теледидар HDMI™

HDMI

технологиясымен қамтылған. HDMI (жоғары дәрежелі айқындыққа ие

мультимедиалық интерфейс) - сығылмаған пішімдегі сигналдармен үйлесімді болып табылатын, әлемде алғашқы болып саналатын, толығымен цифрлық тұрмыстық аудио, бейне интерфейсi.

HDMI интерфейсi, теледидар мен жабдықты жалғаудың көмегімен, Сізге айқындығы жоғары болып табылатын цифрлық суреттерден және жоғары сапалы дыбыстан ләззат алуға мүмкіндік береді.

АҚШ және басқа елдерде HDMI және HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

USB флэш-жады

■ Медиа-ойнатқышта ойнату

- USB флэш-жады құрылғысының пішімі: FAT16, FAT32.
- USB1.1 немесе USB2.0 стандартын ғана қолдайды.
- USB максималды сақталатын сыйымдылығы 1 ТБ құрайды.
- Медиаойнатқыш ДК-дің көмегімен пішімделген USB HDD құрылғыларына қолдау көрсететіндігіне кепілдік берілмейді.
- USB құрылғының тікелей теледидардың USB-портына жалғау ұсынылады.
- ДК көмегімен өзгертілген деректер көрсетілмеуі мүмкін.
- Теледидар деректермен қатынас құрып жатқанша, құрылғыны ажыратпаңыз. Керісінше жағдайда, құрылғы немесе теледидар бүлінуі мүмкін.
- Құрылғының қадалық істіктерін ұстамаңыз.
- Құрылғыны қатты қысымның немесе соққылардың әсеріне ұшыратпаңыз.

- Жинақтағышты жад карталарын оқитын USB-құрылғы арқылы қосуға қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғыны дұрыс бағытта енгізіңіз. Керісінше жағдайда, құрылғы немесе теледидар бүлінуі мүмкін.
- Электр кедергілер, статикалық электр қуаты немесе дұрыс емес операция деректерді немесе құрылғыларды зақымдауы мүмкін.
- Деректердің жоғалуын, бүлінуін теледидардың дұрыс жұмыс істемеуін болдырмау мақсатында, деректердің сақтық көшірмесін үнемі жасап тұрыңыз. Panasonic компаниясы жазылған деректердің нашарлауы немесе бүлінуі үшін жауапкершілік тартпайды.
- Құрылғылар туралы қосымша ақпаратты келесі веб-сайттан қараңыз.
(Ағылшын тілі ғана) <http://panasonic.net/>

Ақауларды жою

Техникалық қызмет көрсетуге немесе көмекке жүгінуден бұрын, проблеманы шешу үшін осы қарапайым кеңестерді орындаңыз. Қате туралы хабарлама көрсетілгенде, сонда келтірілген нұсқауларды орындаңыз. Егер мәселе әлі де шешілмеген болса, өтінеміз, Сіздің жергілікті Panasonic дилеріңізге көмек алу үшін жүгініңіз.

Экран

Экранда қызыл, көк, жасыл немесе қара нүктелер.

- Бұл, сұйық кристалды панельдерге тән. Сұйық кристалды панель, дәлдігі өте жоғары технология бойынша жасалады. Ара-тұра экранда қызыл, жасыл, көк немесе қара түсті нүкте түріндегі бірнеше бөлсенді емес пиксельдер пайда болуы мүмкін. Бұл, теледидардың жұмысына әсер етпейді және сапаға қатысты ақаудың бар екенін білдірмейді.

Ретсіз сурет, шулану.

- Бөгеуілдерді азайту үшін [Сурет] мәзірінде [Шуды азайту] параметрін қойыңыз.
- Жақын жердегі электрлік бұйымдарды тексеріңіз.

Сурет көрсетілмейді.

- [Сурет] мәзірінде [Сурет режимі] параметрлерін тексеріңіз.
- Теледидар AV режимінде екеніне көз жеткізіңіз. Егер теледидар AV режимінде жұмыс істесе, таңдалған режимнің сыртқы жабдықтың шығысына сәйкестігін тексеріңіз.

Бұлдыр немесе бұрмаланған сурет.

(Дыбыс жоқ немесе дыбыс деңгейі төмен.)

- Арна теңшелімдерін ысырыңыз.

Әдеттен тыс сурет көрсетіледі.

- Теледидардың қуат сымының ашасын розеткадан

ажыратыңыз да, қайтадан қосыңыз. Мәселе шешілмей жатса, [Орнату] мәзірінде бастапқы нұсқамалардың барлығын қайтарыңыз.

HDMI арқылы қосылған жабдықтан келетін әдеттен тыс сурет.

- HDMI кабелінің дұрыс жалғанып тұрғанын тексеріңіз.
- Теледидар мен жабдықты сөндіріңіз де, қайтадан қосыңыз.
- Жабдықтан келетін кіріс сигналын тексеріңіз.
- EIA/CEA-861/861D талаптарына сай келетін жабдықты пайдаланыңыз

Дыбыс

Дыбыс жоқ .

- Дыбысты сөндіру теңшелімін және дыбыс деңгейін тексеріңіз.

Дыбыстың төмен деңгейі немесе дыбыстың бұрмалануы.

- Дыбыстық сигналды қабылдау нашарлауы мүмкін.

Жалпы ақпарат

Теледидар Күту режиміне ауысады.

Теледидар келесі жағдайларда автоматты түрде күту режиміне өтеді:

- [Ұйқы] немесе [Автоматты түрде өшіру] параметрі [Уақыт] мәзірінде қол жетімді.
- Сигнал біраз уақыт бойы жоқ.

Қашықтықтан басқару пульті жұмыс істемейді немесе іркіліспен жұмыс істейді.

- Батареяларды ауыстырыңыз.
- Қашықтықтан басқару пультін теледидардың қашықтықтан басқару сигналының қабылдағышына тура дәлдеңіз (шамамен 7 метрге дейінгі қашықтықта және 30 градустық бұрышта).
- Теледидарды күн сәулесінен алшақ жерге орналастырыңыз және алшақтан басқару сигналдарының қабылдағышына жарық сәуленің басқа да қайнар көздері ықпал етпейтіндігін тексеріңіз.

Теледидардың бөліктері ысып кетеді.

- Алдыңғы, жоғарғы және артқы панельдердің температурасы көтеріліп кетсе же, бұдан өнімділікке немесе жұмыстың сапасына байланысты ешқандай мәселе туындамайды.

Телевизиялық панельмен жанасқан кезде, ол сәл дірілдейді. Тарсыл естілуі мүмкін.

- Панель, бұзылуын болдырмайтын иілгіш құрылысқа ие. Бұл жарамсыздық болып табылмайды.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі
TX-24FR250
Қуат көзі
220 - 240 В айнымалы ток, 50 Гц.
Тұтынатын қуат
35 Вт
Күту режимінде электр энергиясын тұтыну
0,5 Вт
Экран
Экран типі: СК-экран (жарықдиодты көмескі жарық)
Экранның өлшемі (диагональ): 60 см
Ажыратымдылығы: 1366 (Е) × 768 (Б)
Габариттік өлшемдері (Е x Б x Т)
552 мм × 362мм × 135 мм (түпқоймамен) 552 мм × 329 мм × 82 мм (теледидар ғана)
Салмағы
2,8 кг
Байланыстырғыш ұяшықтар
Карта үшін слот
Әдеттегі интерфейс слоты (CI Plus сай келеді)×1
USB
А түріндегі USB 2.0 жалғағышы 5 В тұрақты ток, ең көбі 500 мА
SPDIF
Сандық аудио сигналды тарату үшін қолданылады
EARPHONE
Құлаққаптарды қосуға арналған штекер ұяшығы
VGA
Компьютерден келетін бейнесигналды қосу.
PC AUDIO
Компьютерден келетін дыбыстық сигналды қосу (мини-джек түріндегі жалғағыш)
SCART
Сыртқы құрылғыларды қосу (аудио-/бейнешығыс, аудио-/бейнекіріс, RGB кірісі)
RF
Антеннаны қосуға арналған ұяшық
Вход HDMI
А түрлі жалғағыш
Дыбыс
Аудиошығыс 6 Вт (3 Вт + 3 Вт) құлаққаптың: М3 (3,5 мм) стерео мини ұяшық × 1

Қабылдау жүйелері / ауқымның атауы

DVB-C

Цифрлық кабельдік қызметтер (MPEG2 және MPEG4- AVC(H.264))

DVB-T / T2

Цифрлық жер үсті қызметтері (MPEG2 және MPEG4- AVC(H.264))

PAL, SECAM және NTSC (бейне жиілігі бойынша),
DK, L, BG, I, NICAM/A2

Антенна кірісі

75 Ом, коаксиальді


Пайдалану шарттары

0 °С-ден плюс 45 °С-ге дейінгі температура.
20%-дан 80%-ға дейінгі ылғалдық (конденсация
болмағандағы салыстырмалы ылғалдық)

Қызмет мерзімі: Өндірілген күннен бастап 7 жыл

Теледидардың шығарылған айы мен жылы Сіздің бұйымыңыздың қорабының бүйір заттаңбасында көрсетілген, сондай-ақ теледидардың сериялық нөмірінде шифрланған.

Теледидардың сериялық нөмірі 14 нышаннан құралған және келесідей түзіледі:



a – дайындалған күні

b – дайындалған жылының соңғы саны

c – үлгі сәйкестендіргіші

d – жеткізілім лотының нөмірі

e – теледидардың реттік бес таңбалы нөмірі

Ескертпе

● Бұйымның құрылысы және техникалық сипаттамалары хабардар етпестен өзгертілуі мүмкін. Көрсетілген салмақ және габариттік өлшемдер жуық шамалар болып табылады.

Күтім жасау

Алдымен штепсель ашасын желілік розеткадан ажыратыңыз.

Үнемі күтім жасау

- Жұмсақ матаны қолдана отырып, экранның, тұрқының және түпқойманың беткі қабатын ақырындап сүртіңіз.
- Сым мен штепсель ашасын тұрақты түрде құрғақ және жұмсақ матамен сүртіп тұрыңыз. Ылғал мен шаң өртке немесе электр тогымен зақымдануға себеп болуы мүмкін.

Қатты ластану жағдайына арналған

Ең алдымен беткі қабаттан шаңды сүртіңіз. Жұмсақ матаны сумен немесе езілген бейтарап жуғыш құралмен (судың 100 бөлігіне 1 бөлігі) ылғалдандырыңыз. Матаны сығып, беткі қабатты сүртіңіз. Ылғалдың қалдығын кетіріңіз.

Алдын ала сақтандыру

- Қатты матаны пайдаланбаңыз және беткі қабатты тым қатты ысқыламаңыз. Керісінше жағдайда, беткі қабатта сызаттар пайда болуы мүмкін.
- Теледидардың беткі қабаттарының суға немесе жуғыш құралға тиюіне мүмкіндік бермеңіз. Теледидардың ішіндегі сұйықтық, оның істен шығуына себеп болуы мүмкін.
- Жәндіктерге қарсы құралдар, еріткіштер және басқа да агрессивті сұйықтықтар теледидардың беткі қабатына тиіп кетуін болдырмаңыз. Бұл, беткі қабатты бүлдіруі немесе бояудың қабаттануына алып келуі мүмкін.
- Экранның беткі қабатымен өте абай болу керек, себебі ол оңай бүлінуі мүмкін. Беткі қабатты тырнағыңызбен және басқа да қатты заттармен ұрмаңыз және тырнамаңыз.
- Теледидар мен түпқойманың беткі қабатына резеңкемен немесе ПВХ қамтитын заттектермен ұзақ уақыт бойы жанасуға мүмкіндік бермеңіз. Бұл, беткі қабатты бүлдіруі мүмкін.

Анықтамалық ақпарат

■ Теледидардың қуаттылық тиімділігінің сипаттамалары

Үлгісі	TX-24FR250
Жұмыс режимінің үлестік қуаты	0,023 Вт/см ²
Күту режимінде бұйым тарабынан тұтынылатын қуат	0,5 Вт
Сөндірулі күйде бұйым тарабынан тұтынылатын қуат	0 Вт

Panasonic ақпараттық орталығы

Мәскеу қаласыдан қоңырау шалу және халықаралық қоңыраулар үшін:

+7 (495) 662-46-86

Ресей бойынша тегін қоңырау шалу: 8-800-200-21-00

Panasonic ақпараттық орталығы

Беларусь Республикасының аумағында тегін қоңырау шалу:

8-820-007-1-21-00

Беларусь Республикасының шегінде тегін қоңырау шалу:

8-820-007-1-21-00

Panasonic ақпараттық орталығы

Шетелден және Киев қаласынан қоңырау шалу үшін:

+380-(44)-490-38-98

Украина шегінде стационарлық телефондардан тегін қоңырау шалу: 0 (800) 309-880

Panasonic ақпараттық орталығы

Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс операторлары мен қалалық телефондардан тегін қоңырау шалу: 8-800-0-809-809

Қазақстан аумағында қалалық және жергілікті ұялы операторлардың ұялы телефондардан тегін қоңыраулар: 8-800-0-809-809

Алматы қаласы мен Қырғызстаннан қоңырау шалу үшін: 00-800-01010021

Еуропа Одағына кірмейтін елдер үшін қалдықтармен жұмыс жасау жөніндегі ақпарат



Осы нышанның әрекеті Еуропа Одағына ғана таралады. Егер осы бұйымды лақтырмақшы болсаңыз, осындай түрдегі қалдықтармен қалай жұмыс істеу керектігін биліктің жергілікті органдарынан немесе дилерден сұрап, біліңіз.

Panasonic®

Модель
TX-24FR250

Інструкція з експлуатації

РК телевізор

із світлодіодним підсвічуванням



EAC

Українська

Дякуємо Вам за придбання телевізора! Перед початком експлуатації даного виробу уважно ознайомтеся з цією інструкцією та збережіть її для користування в подальшому.

Ми сподіваємося, що наш продукт буде відповідати всім Вашим вимогам і прослужить Вам довгий час.

При необхідності зверніться до місцевого дилера Panasonic за допомогою (див. Гарантійний талон)..

Виготовлено в Білорусі
Виготовлено за дозволом Panasonic Corporation

ВИРОБНИК:
Виробниче унітарне підприємство
«Завод електронної і побутової техніки Горизонт»
Республіка Білорусь, 220014,
м. Мінськ, пров. С. Ковалевської, 62, к.16
тел. (+375 17) 226 36 01
факс. (+375 17) 226 36 07
e-mail: zebt@horizont.by

Пам'ятка покупця

Номер моделі та серійний номер цього приладу можна знайти на задній панелі. Цей серійний номер слід записати в відведеному для цього місці внизу і зберегти цю інструкцію разом з квитанцією про оплату в якості документів, що підтверджують покупку телевізора, для полегшення пошуку у випадку крадіжки або втрати, а також для гарантійного технічного обслуговування.

Номер моделі _____
Серійний номер _____

Зміст

Вступ.....	3
Запобіжні заходи.....	4
Установка телевізора.....	6
Підключення телевізора.....	7
Початкове налаштування.....	8
Експлуатація телевізора.....	9
Перегляд із зовнішнього входу.....	10
Використання медіа-програвача.....	10
Використання звичайного інтерфейсу.....	11
Використання функцій меню.....	12
Додаткова інформація.....	15
Усунення несправностей.....	16
Технічні характеристики.....	17
Догляд.....	18
Довідкова інформація.....	18

Вступ

Зображення, наведені в цієї інструкції надані виключно як зразки. В цієї інструкції використовується зображення TX-24FR250, якщо не вказано інше. На деяких ілюстраціях представлені концептуальні зображення, які можуть відрізнятися від реальних виробів. Ілюстрації можуть відрізнятися в залежності від моделі та країни.

DVB і логотипи DVB є торговими марками DVB Project.


Навіть при відсутності спеціальних посилань на компанії чи торгову марку продукту, дані торгових марок цілком визнаються.

Цей продукт випускається за ліцензією відповідно до патентного портфеля AVC для особистого та некомерційного використання споживачем з метою (i) кодування відеозаписів відповідно до стандарту AVC («Відео AVC») та / або (ii) декодування відеозаписів AVC, закодованих споживачем під час особистої некомерційної діяльності і / або отриманих від провайдера відеоінформації, що має дозвіл на надання відеозаписів AVC. Використання з іншими цілями, прямо або побічно, не дозволяється. Для отримання додаткової інформації звертайтеся в компанію MPEG LA, LLC.

Див. <http://www.mpegla.com>.

Компанія Panasonic не гарантує роботу і функціонування периферійних пристроїв сторонніх виробників і відмовляється від будь-якої відповідальності за пошкодження, що виникло в результаті роботи і / або функціонування таких периферійних пристроїв сторонніх виробників.

